



1-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

ӘЛЕМДІК САЯСАТТЫҢ ЖАҒАНДАНУЫ. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ Жаһандану





Бүгінде жаһандану – ғылыми әлемдегі ең даулы мәселелердің бірі. Ғалымдардың бөлігінің айтуынша, жаһандану - болдырмауға немесе елемеге болмайтын құбылыс. Ғалымдардың тағы бір бөлігінің мәлімдемесі бойынша, жаһандану әлемді байлар мен кедейлерге бөлу және шешімі жоқ экологиялық проблемаларға әкеп соғу арқылы ұлттық экономикалармен қатар, тұтас адамзатқа зиянын тигізеді.

1961 жылы ағылшын сөздігінде «globalization» сөзі пайда болды, ол «бір нәрсенің бүкіл әлемге таралуы» дегенді білдіреді, ал ғылыми тұрғыда «жаһандану» термині алғаш рет 1983 жылы Теодор Левиттің «Гарвард бизнес ревью» журналындағы мақаласында пайда болды және ол кезде жекелеген корпорациялар өндіретін жекелеген өнімдер нарығының бірігу феноменін білдірді.

Жаһандану астарында әлем елдерінің экономикасын біріктіру және бірыңғай құқықтық, экономикалық және ақпараттық кеңістік құру процесі түсінік береді.

Француз зерттеушісі Б. Бади жаһандану процесінің үш өлшемін ерекше атап өтеді:

- үнемі жүріп отыратын тарихи процесс;
- әлемді гомогендеу және әмбебаптау;
- ұлттық шекараларды «жою».

Жаһанданудың өзіндік ерекшеліктері:

1. Халықаралық ұйымдар санының артуы.
2. ТҰК рөлін күшейту.
3. Интернет компьютерлік желісін құру.
4. Электрондық сауданың дамуы.
5. Мегаполистер мен қалалану деңгейінің өсуі.
6. Дүние жүзі бойынша ағылшын тілінің таралуы

Жаһандану әлемдегі қоғамдық санада айтарлықтай қарама-қайшы және әртүрлі қабылданады, ал оның даму процесінде қалыптасатын жаңа әлемдік тәртіп өзінің айнымас және қызу жақтаушыларын тауып қана қойған жоқ, жаһанданудың қарсыластары деп аталып кеткен айтарлықтай белсенді және келісімге келмейтін қарсыластары да бар.

Ақырында, мен жаһандануға қатысты бір аспектіге тоқталғым келеді. Қазіргі уақытта Әлем елдерінің жаһандану деңгейінің индексі бар, ол 2002 жылы Швейцариялық экономикалық институттың жанынан құрылған болатын. Индекс қандай да бір елдің әлемдік кеңістікке интеграциялану ауқымын бағалауға және әртүрлі елдерді оның компоненттері бойынша салыстыруға мүмкіндік беретін құрастырылған көрсеткіш ретінде қабылданады. Индекс аясында зерттелетін барлық елдер жаһандық интеграциялаудың негізгі үш тобына біріктірілген 24 көрсеткіш бойынша бағаланады:

1. Экономикалық жаһандану – халықаралық сауда-саттық көлемі, халықаралық іскерлік белсенділік деңгейі, сауда-саттық ағындары, халықаралық инвестициялар, тариф саясаты, халықаралық сауда-саттыққа шектеулер мен салықтар және т.б.

2. Әлеуметтік жаһандану – мәдени интеграция деңгейі, шетелдік халықтың пайызы, халықаралық туризм, халықаралық жеке байланыстар, телефон трафигінің, трансшекаралық ақша аударымдарының көлемі, ақпарат ағындары, ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту және т.б.

3. Саяси жаһандану – мемлекеттердің халықаралық ұйымдарға мүшелік етуі, халықаралық миссияларға қатысу (БҰҰ миссиясын қоса алғанда), халықаралық көпжақты шарттарды ратификациялау, елдегі елшіліктер мен басқа да шетелдік өкілдіктердің саны және т.б.

«Әлемдік саясаттың жаһандануы» оқулығының авторлары Джон Бейлис, Стив Смит және Патрисия Оуэнс жаһанданудың келесі артықшылықтары мен кемшіліктерін көрсетеді. Авторлардың пікірінше жаһандану өзара тәуелділік пен өркендеуді ілгері бастыру арқылы тәртіпке ықпал етеді, өзара тәуелділік ірі мемлекеттер арасындағы бейбіт қатынастарға ықпал етеді, жаһандану адам қауіпсіздігін күшейтеді, жаһандық үкімет шиеленістердің туындауына әлеуетін төмендетеді, жаһандану тұрақты әлемдік тәртіп үшін жағдай жасайды, халықаралық құқықты ілгерілеті отырып, жалпы ережелерді талап етеді. Сонымен қатар, бірқатар ғалымдардың пікірінше, жаһандану ғылыми-техникалық прогресті дамытуға, өндірілетін тауарлардың сапасын арттыруға ықпал етеді, енгізілетін заманауи технологиялар еңбек өнімділігін арттырады, онымен қоса, дамушы елдерде өз экономикалық жағдайын жақсартып, озат мемлекеттерді қуып жетуге мүмкіндік бар.

Осыған қарамастан, мынадай кемшіліктер де бар: жаһандану ірі мемлекеттердің жарысу ресурсы,



жаһандану өспелі, бөлінген және ушықтырушы әлемдік тәртіпті құрады, бұл шиеленіс пен қауіп ресурсы, жаһандану қалыптасқан әлемдік тәртіпті бұзады, басқаруға келмейтін әлем үшін жағдай жасайды, дағдарыс ресурсы. Онымен қоса, өнеркәсіптің бұзылуына, жұмыссыздықтың, кедейліктің артуына ықпал етеді, бәсекеге қабілеттілігі төмендер нарықты жоғалтады, қажетсіз болады, қайтадан квалификациялауға әкеп соғады, дамыған және дамушы мемлекеттер арасындағы айырмашылықты арттырады.

Жаһандану - ұлттық мемлекет шекараларының экономикалық, әлеуметтік өзара әрекеттесуі облыстары анағұрлым ашық түрде болуына қол жеткізетін үрдіс. АҚШ, Жапония, Германия, Франция, Канада, Италия, Ұлыбритания, Ресей. Аталған мемлекет лидерлері қазіргі заманғы әлемдік дамудың маңызды мәселелерін талқылау үшін тұрақты кездесулер өткізіп отырады.

Консенсус - халықаралық ұйымдарда және халықаралық маслихаттар мен кеңестерде шешімдер қабылдау рәсімі, әдісі. Ымыраға келу, мәміле.

Модернизация - қоғамның әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси өмірін реформалау үрдісі. Ол дәстүрлі қоғамнан индустриалды қоғамға өтуді жеделдетуге бағытталған. Құрамына өнеркәсіптік төңкеріс және индустриаландыру дамыған нарықтық экономиканы орнату, адам еркіндігі мен құқықтарын құрметтеу кіреді. Модернизацияны бастапқыда еуропалық елдер, Солтүстік Америка елдері, ал XX ғ. Басында бұл жолға Азия, Африка және Латын Америкасының көптеген мемлекеттері түсті.

Геосаясат – сыртқы саясатты географиялық факторларға (аумағына, ауа райына, қазба байлықтарына т.б.) байланысты жүргізетін саясат. Бұл теорияның негізін қалаушы Ф.Ратцель, Х.Маккиндер т.б. қоғамның экономикалық, саяси, әлеуметтік жағдайы мен даму барысы географиялық ортаға байланысты дейді.